

Кімге: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

Автордың аты-жөні және лауазымы: Керімқан Берік Серікқанұлы. Абай облысы, Мақаншы ауданы, Қабанбай ауылдық округінің әкімі

Күні: 20.01.2025 жыл

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Айбынды Алакөл туризмын дамыту.

Кілт сөздер: туризм, инфрақұрылым, табиғи ресурстар, экологиялық туризм.

Алакөл – Қазақстанның табиғаты әсем, туристік әлеуеті зор өңірлерінің бірі. Көлдің емдік қасиеті, экологиялық маңыздылығы мен көркем ландшафтары жыл сайын мыңдаған туристерді тартады. Алакөл – Абай облысының ең танымал туристік орындарының бірі. Алакөлдің үздік ондық туристік аймаққа енуі кездейсоқ емес. Мұнда бір мезетте 14 000 адамды қабылдай алатын 250 демалыс базасы бар. Былтыр бұл үйлерде демалушылар үшін 200 885 төсек-орын берілді. Биыл 960 адамға арналған тағы 13 жаңа демалыс базасы салынды.

Бүгінде Алакөлдің жағалауында туристерге қызмет көрсету үшін инфрақұрылым едәуір дамыған. Көл аумағында 41 сауда үйі, 83 шағын бутик, 40 қоғамдық асханасы, 3 дәріхана жұмыс істейді.

Туристерге тегін ақпараттық кеңес беру қызметін көрсететін «TOURIST INFO» ақпараттық орталығы бар.

Алайда туризмнің даму қарқынына қарамастан, Алакөлде инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, экологиялық мәселелер мен қызмет көрсету сапасының төмендігі байқалады. Айбынды Алакөлдегі туризмнің қазіргі жағдайы, проблемалары және оны дамыту жолдары қарастырылады. 2024 жыл «Таза Қазақстан» акциясы аясында өткен экологиялық шараға Мақаншы ауданындағы 11 ауылдық округтің тұрғындары қатысты. Шипалы көл жағасындағы 28 гектар аумаққа ретке келтіріліп, абаттандыру жұмыстарын жүргізді. 40 тоннаға жуық қоқыс шығарылды.

Негізгі бөлім

Алакөлдегі туризмнің қазіргі жағдайы Алакөл – Қазақстан мен Қытай шекараларының түйіскен жерінде орналасқан бірегей табиғи

аймақ. Көлдің минералды суы тері, буын және тыныс алу жолдары ауруларын емдеуде пайдалы.

Қазақстандықтар арасында танымал демалыс орнына айналғанына қарамастан, Алакөлдің туризм саласында бірнеше өзекті проблемалар бар:

1.Инфрақұрылымның жеткіліксіздігі: Жолдардың сапасыздығы, заманауи әуежай мен теміржол инфрақұрылымының тапшылығы туристік ағымның өсуіне кедергі келтіреді.

2.Қызмет көрсету деңгейі: Көптеген демалыс орындарында білікті мамандардың жетіспеуі байқалады, бұл қызмет көрсету сапасын төмендетеді.

3.Экологиялық мәселелер: Туризмнің қарқынды дамуы кезінде қалдықтардың жиналуы мен табиғи ресурстардың шамадан тыс пайдаланылуы экологиялық жүйеге кері әсер етеді.

Алакөл туризмін дамытудың жолдары Туризмді дамыту үшін келесі шараларды жүзеге асыру қажет:

1.Инфрақұрылымды жақсарту:

- Жол сапасын арттыру: Алматы, Өскемен және басқа ірі қалалардан Алакөлге апаратын жолдарды жаңғырту.
- Көліктік қолжетімділікті қамтамасыз ету: Әуежай мен теміржол станцияларын жаңғырту арқылы туристік маршруттарды жеңілдету.
- Энергетикалық және су жүйелерін дамыту: Демалыс аймақтарында үздіксіз электр энергиясы мен ауыз су жеткізу жүйелерін ұйымдастыру.

2.Экологиялық туризмді дамыту:

- Туристік аймақтарды қорғау және экологиялық туризмді насихаттау арқылы Алакөлдің табиғи байлығын сақтау.
- Қалдықтарды қайта өңдеу жүйесін енгізу және экологиялық білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру.

3.Туризмнің жаңа бағыттарын енгізу:

- Сауықтыру туризмі: Алакөлдің емдік суы мен балшығын пайдаланып, санаторийлер мен сауықтыру орталықтарын салу.
- Мәдени-танымдық туризм: Өңірдің тарихи және мәдени мұраларын таныстыратын турлар ұйымдастыру.
- Экстремалды туризм: Жаяу серуендеу, тау велосипедін жүргізу және су спорты секілді белсенді демалыс түрлерін дамыту.

4.Қызмет көрсету сапасын арттыру:

- Туризм саласындағы кадрларды даярлау: жергілікті тұрғындарға арналған арнайы оқу курстарын ұйымдастыру.

- Сапалы қонақүйлер мен мейрамханалар санын арттыру. Халықаралық тәжірибе Көл туризмін дамыту бойынша әлемдегі үздік тәжірибелерден үйренуге болады:

- Швейцария: Альп көлдерінде экологиялық туризмге басымдық беріледі. Қоршаған ортаны қорғау бағдарламалары аясында қалдықтарды басқару жүйесі жүзеге асырылған.

- Франция: Көлік инфрақұрылымы жетілген Лак-дю-Бурже көлінде су спорты мен демалыс орындарының үйлесімі сәтті жүзеге асқан.

- Канада: Онтарио көліндегі экологиялық туризм бағдарламалары туристер арасында танымал. Бұл өңірде табиғи ресурстардың сақталуы мен туризмнің дамуы қатар жүреді.

5.Төтенше жағдайлар қызметін арттыру:

Жыл сайынғы құтқарушы қызметкерлерді дайындықтан өткізілуі мен керекті құралдармен қамтамасыз етілуін жоспарлау және жүзеге асыру. Өрт қауіпсіздігі мен суға шомылу қауіпсіздігін қадағалау. Суға шомылу кезінде дер кезінде құтқарушылардың сол аймақта болуы мен суға шомылу тереңдігіне қарай бақылау жасауы өте маңызды.

Қорытынды

Алакөл – Қазақстанның туристік әлеуеті жоғары өңірлерінің бірі. Көлді сақтау және тиімді пайдалану арқылы еліміздің туристік индустриясын дамытуға үлес қосуға болады. Инфрақұрылымды жақсарту, экологиялық туризмді дамыту, қызмет көрсету сапасын арттыру және халықаралық тәжірибені қолдану – Алакөлдегі туризмді жаңа деңгейге көтерудің негізгі жолдары.

Ұсынымдар

- ✓ Туристік инфрақұрылымды дамытуға мемлекет тарапынан инвестиция тарту.

- ✓ Экологиялық бағдарламаларды енгізу және тұрақты туризм принциптерін сақтау.

- ✓ Туризм саласында білікті мамандарды дайындау және жергілікті халықты жұмыспен қамту.

- ✓ Алакөлдің туристік әлеуетін арттыру мақсатында халықаралық деңгейде жарнамалық компанияларды ұйымдастыру.

- ✓ Алакөлге келуші туристердің жеке қауіпсіздігін сақтау.

Пайдаланылған дерек көздер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы орталық коммуникациялық қызметі-
<https://ortcom.kz/kk/novosti/1658980268>.
2. «Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы-
<https://qazaqstan.tv/index.php/news/192742/>